

**РЗАБАЙ А. И. философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ» атты 6D030100  
– "Құқықтану" мамандығы бойынша дайындалған диссертациясына  
ПІКІР**

**Диссертациялық зерттеудің өзектілігі.** "Құқық көздері" ұғымына ғылыми көзқарастар жүйенің өз дамуын зерттеумен тығыз байланысты болғандықтан, нақты заң деңгейіндегі көздер құқық жүйесінің құрылымындағы өзгерістерді бейнелейді және бекітеді. Бүгінгі күні экологиялық құқық жүйесі құрылымының дамуын құрылымдау және болжау теория мен практика бір-бірінен ажырамауы үшін құқық көздері туралы доктринаның айрықша міндеті болып табылады, бұл оның маңызын тағы да атап көрсетеді.

Отандық және шетелдік заңгерлердің экологиялық құқығы жөніндегі ғылыми зерттеулерін, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына арналған зерттеулерді талдау Қазақстан Республикасының экологиялық құқық көздерінің жалпы жүйесіндегі заңды табиғатты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық құқықтық нормалардың рөлін анықтаудың проблемалық мәселелеріне арнайы кешенді зерттеулер жүргізілмегенін куәландырады. Жоғарыда айтылғандар ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігін және оның халықаралық экологиялық-құқықтық ынтымақтастық практикасының сұраныстарына қажеттілігін куәландырады

**Диссертацияның ғылыми жаңалығы** жұмыс мемлекеттік тілде орындалған монографиялық зерттеу болып табылады, онда Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық көздерінің теориясы мен практикасына кешенді талдау жүргізілді. Диссертациялық зерттеу барысында автор келесі нәтижелер қол жеткізген: Қазақстан Республикасының экологиялық құқық қайнар көздерінің теориялық мәселелері және халықаралық шарттық нормаларды ұлттық экологиялық заңнамаға имплементациялау (енгізу) мәселелері кешенді түрде зерттелген; экологиялық құқық көзі ретінде халықаралық шарттың заңдық табиғаты ашылған; әмбебап, аймақтық және екіжақты халықаралық экологиялық шарттардың мазмұны анықталған; Қазақстанның халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі мен қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар берілген.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы тұжырымдалған теориялық ережелер мен ұсынымдар заманауи экологиялық құқық теориясын тереңдетіп, дамытады және одан әрі ғылыми зерттеулерге негіз бола алады.

**Ғылыми нәтижелерді апробациялау.** Зерттеудің негізгі ережелері мен қорытындылары шетелдік және Ұлттық ғылыми басылымдардың 11 ғылыми мақаласында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған

